Профориентация. Таңдау - сізден, сапалы білім - бізден!

«Тұран-Астана» университеті,
«Психология және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы,
профессор, психология ғылымдарының кандидаты Сатиева Ш.С.





Тұлға әлеуметтік қатынастар мен байланыстардың бастапқы агенті болып саналады. «Тұлға» дегеніміз кім?





Тұлға - әлеуметтанудың өзекті проблемаларының бірі, өйткені қоғамдағы болып жататын әлеуметтік құбылыстар мен процестердің, сол сияқты жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінің себептерін, мәнін жеке тұлғалардың мәнді сипатты белгілері арқылы түсінуге болады. Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның мінез-құлқы арқылы тұтас топтың, қоғамның өмірін түсінуге болады.

Тұлғаның туралы идеялар келесі дәуірлердің прогрессивті философиялық және психологиялық-педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан (Э. Роттердамский, Я.А Коменский, К.А.Гельвеций, Д. Дидро, А.Дистервег, К.Д.Ушинский, К.Маркс, Ф. Энгельс, З.Фрейд, Д.Дьюи, Э. Торндайк, Н. К.Крупская, П. П. Блонский, А. С. Макаренко, Л. С. Выготский, Э. И. Моносзон. Л. И. Божович, С. Л. Рубинштейн, В. В. Давыдов т.б.)







Психодиагностикалық зерттеулердің барысына негізінен төмендегідей психологиялық сынақтар енеді:

- ✔ - жеке тұлғаны көп жақты зерттеу әдістемесі (MMPI);
- ✔ - Р. Кеттелдің 16-факторлық жеке сауалнамасы әдісі (16-ФЛО);
- ✔ - Равеннің «Прогрессивті матрицалар өлшемі» әдістемесі (кескіндеме сынағы);
- ✔ - есте сақтау қабілетін, зейінді және ойлауды зерттеу әдістері;
- ✔ - Амтхауэрдің интеллектуалдық сынағы.





Равеннің «Прогрессивті матрицалар өлшемі» әдістемесі (кескіндеме сынағы) *зейінді, қабылауды және ойлауды зерттеуге арналған. Әдістеме күрделілігі арта беруі бойынша 5 серияға бөлінген 60 кесіндеме суреттен құралады*






- **MMPI сынағы** әртүрлі талаптарға жауап беріп, тұлғаны жан-жақты түрде кешенді зерттеу әдісі болып табылады. Бұл сынақтың тиімділігі алынған мәліметтердің объективтілігін қамтамасыз ететін арнаулы статистикалық өңдеуден өтуінде болып табылады. Сынақ жалпы адамның денсаулық жағдайына, психикалық ішкі органдардың қызметі сапаларына, ортадағы қарым-қатынастарына және жалпы әлеуметтік және моральдық ұстанымдарына қатысты болып келетін 384 пайымдаудан құралады. Бұл пайымдауларға
- Зерттелуші тұлға «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап береді. Сынақтың қорытындыларын есептеудің психолог сүйеніп отыратын арнайы нұсқаулықтары бар.



			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Фактор	**Ф**	**Полюс отрицательный**											**Полюс положительный**
A	3	Отчуждённость											Общительность
B	8	Низкий интеллект											Высокий интеллект
C	2	Эмоциональная неустойчивость											Эмоциональная устойчивость
E	10	Подчинённость											Властность
F	9	Пессимизм											Оптимизм
G	6	Небрежность											Ответственность
H	8	Робость											Смелость
I	7	Жёсткость											Мягкосердечие
L	9	Доверчивость											Подозрительность
M	7	Практичность											Мечтательность
N	6	Прямолинейность											Дипломатичность
O	10	Спокойствие											Тревожность
Q1	10	Консерватизм											Гибкость
Q2	3	Зависимость от группы											Самостоятельность
Q3	1	Низкий самоконтроль											Высокий самоконтроль
Q4	10	Расслабленность											Напряжённость

- **Р. Кеттелдің 16-факторлық жеке сауалнамасы әдісі (16-ФЛО)** жеке тұлғаның интеллектуалдық, пайымдық, көңіл-күй тұрақтылығы, жетекшілігі, көшбасшылығы сияқты маңызды қасиеттерін анықтауға арналған.



Амтхауэр сынағы


алдымен тұлғаның ақыл-ой қабілетін зерттеуге бағытталады. Яғни адамның ойлау қабілеті, жағдайды түсінуі мен оған бейімделуі, түрлі мәселелерді шешу қабілеті зерттеледі. Ол арқылы ақыл-ой дамуының коэффициенті анықталады. Тек сан өлшемдері арқылы біржақты болып қалмау үшін зерттелушіге қандай тапырмалардың қиынға түскенін немесе жеңіл орындалғанын талдау қажет. Бір сынақтың нәтижелері арқылы адамның ақыл-ойын толық бағалау мүмкін болмағандықтан, оның пайымдауына, қабылау, зейін, ойлау, еске сақтау тәрізді жекелеген танымдық үрдістеріне назар аудару керек.


Сынақ парақшасы


Субтест	Время, мин	Субтест	Время, мин
1	6	5	10
2	6	6	7
3	7	7	9
4	8	8	10
		9	3 (запоминание) 6 (воспроизведение)





Тапсырма мысалдары:











Интеллект диагностикасы

Интеллект (лат. intellectus — таным, ұғыну, аңдау) — жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты.

Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, казіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Интеллект - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект - ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.



«*Интеллектуалды тест*»- деген ұғымды алғаш рет *американ психологы Дж. Кеттел еңгізді.* Кейінірек жаңа қадамды *француз дәрігері, психолог Альфред Бине (1857-1911)* жасады. *Стэнфорд –Бине шкаласы* деп аталатын Бинэ-Симон тестісі бірнеше жылдар бойы интеллектуалды қабілеті өлшеудің негізігі құралы ретінде пайдаланса, 1939 жылы американ психологы *Д. Векслердің* құрастырған интеллектті өлшеу шкаласының бірінші формасы жарыққа шықты. Оның әдістемелік қателіктері болып, кейінен қайтадан өңделіп берілді. 1955 жылы ересектерге арналған соңғы шкаласы шықты. Ол 11- субтесттен тұрады. 6- субтест – вербальды шкала, ал 5 - уі қимыл-қозғалыс шкаласын құрайды. Оның вербальды шкаласына арифметикалық ұқсастықты түсінуді іздеуге, санды есте сақтауға сөздік қорды анықтауға арналған субтест кіреді. Қимыл-қозғалыс шкаласына «сандық белгілер», » суретті аяқтау», «тіректерді құру», »суреттерді орналастыру», «объектілерді жинақтау» субтесттері кіреді. Векслер шкаласын стандарттауға іріктеу 1700 зерттеушіден тұрды.



Ер адамдар мен әйел адамдардың саны бірдей 16 – жастан - 64 жасқа дейінгілер ер адам деңгейіне бөлінген. Географиялық аудандары, білім мамандық деңгейлері есепке алынды. Ересектерге арналған шкаладан басқа Векслер балаларға арналған (6,5жастан -16,5 жасқа дейінгілерге) шкала құрды. Соңғысы 1974 жылы жарыққа шықтты. Ерсектерге арналған шкаламен салыстырғанда балаларға арналған шкалада бірінші қосымша субтест- «лабиринттер» еңгізілді. Векслер мектепке дейінгілер мен кіші мектеп жасындағыларға арнап (4-6,5 ж) шкала құрды. Ол 1967 жылы шықты ол 11 субтесттен тұрады. 8 субтест балаларға арналған субтесттің жеңілдетілген формасы, ал 3-уі жаңа «сөйлемдер» (есте сақтаға арналған тест, онда бала зерттеушіден кейін әр айтқан сөйлемін қайталау керек). «Жануар үйі», «сандық белгілер» субтестіне ұқасас «геометриялық формаларды» балаға 10 қарапайым кесінділерді көшіруді ұсынады. Қазіргі кезде Векслер шкаласының үш формасы бар. Жоғары формалды көрсеткішпен сипатталады. Стэнфорд - Бине шкаласынан бұл шкаланың ерекшелігі мынада:

тестегі бір типтегі тапсырмалар жас ерекшелігі бойынша топтасқан, субтестіге біріктірілген.

субтесттер вербальды (вербальды шкала) және қимыл -қозғалыс (қимыл –қозғалыс шкаласы) болып бөлінеді, әр шкала бойынша жеке IQ шығады.





Коэффицентті (IQ) В. Штерн ұсынды. Ол ақыл-ой жасын хронологиялық жасқа бөліп, одан алынған санды 100 көбейтуді ұсынды.алынған көрсеткіш IQ деп аталынды. 18:10·100=18(IQ) *1911ж. В.Штерн зияттылық коэффициенті ұғымын енгізді. Осы күнге дейін коэффициентті өлшеу тестілеудің бір мақсаты болып келеді.*

IQ коэфициенті интеллект синонимы ретінде қарастырылды. IQ коэфициенті адамның өмір сүру жағдайларын және мәдени ерекшеліктеріне тығыз байланысты екендігі дәлелденген.



Атақты адамдардың IQ деңгейлері

